Мемлекеттік сатып алу бойынша 2024 жыл бойы ауылдық округке қарасты ауыл ішілік көшелерді қардан тазарту жұмыстарын сатып алу бойынша өнім берушіні таңдау негіздемесі

Сатып алуды жүзеге асыру мақсаты:Қыс мезгілінде ауа райының болжамынан тыс уақытта және басқа уақыттарда округ ауыл ішілік жолдарын қар жапқан жағдайларда шұғыл түрде көшелерді қардан тазартып отыру,ауылдық округ тұрғындарының және мектеп оқушыларының кедергісіз жүріп тұруын қамтамасыз ету, тұрғындар тарапынан көшелер тазаланбаған дегендей арыз-шағымдарды болдырмау мақсатында..

Нақты орындаушыны таңдау себептері: Тапсырыс беруші Мемлекеттік сатып алу бойынша ауылдық округ ауылішілік жолдарды қардан тазарту жұмыстары бойынша бәсекелестік тәсілдермен сатып алу мониторингін жүргізді, атап айтқанда баға ұсыныстарын сұрату, жеңімпаз деп танылған өнім берушелер көп жағдайда басқа аумақтардан болады, олардың тұрғылықты жері ауылдық округ аумағынан алшақ жерлерде орналасқан, тез арада қардан тазарту керек болған жағдайда жұмыстар дер кезінде орындалмайды, олар келіп өз жұмыстарын атқарғанға дейін оқушылар мектепке және тұрғындар жұмыстарына бара алмай қалып отырады. Ауылдық округ аппаратының тиімді жұмыс атқаруына кедергілер келтіруде; кейбір Жеткізушілер осы жұмыстарды басқа тараптан сатып алуға мәжбүр болады, сол арқылы оның жұмыстарының мерзімі артады және бұл жұмысты өзіне шығынға ұшыратудың пайдасы жоқ. Тапсырыс беруші жеткізушілермен Шартты бұзуға мәжбүр, шартты бұзу оны қайта ұйымдастыру процестері ұзақ уақытты талап етеді.Сатып алуды жүзеге асыруға негіз болып таңдалған өнім беруші «Алатау-Бәйтерек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Аталған шаруа қожалықтың тұрғылықты жері Қызыларық ауылында орналасқан, кез келген уақытта жұмыстарын атқаруға дайын. Қарды тазарту жұмыстарын жүзеге асыруға керекті техникамен және құрал жабдықтарымен жасақталған (*атап айтқанда трактор МТЗ 92,1, қар күрейтін ковш*). Аталған шаруа қожалық өс ісіне жауапты, кез келген уақытта қол жетімді.

Ауылдық округ әкімі **М.Касымбеков**